



Жүсіпов Зейнолла

1926 жылы 10 ақпанда Қостанай облысы Аманкелді ауданы Еңбекші ауылдық кеңесінің Молотов атындағы колхозда дүниеге келген. 1944 жылы 18 қарашада әскер қатарына шақырылды. Әскери дайындықтан кейін II Украина майданына жіберіледі. 298- жаяу атқыштар полкінің құрамында болып, Одер өзенінен өтердегі кескілескен ұрысқа қатысады. Жеңісті балтық жағалауын жаудан тазартуда қарсы алып, Германия жерінде 1947 жылға дейін болған. Өзбекстанның Әндіжан қаласына келіп, әскери қызметін жалғастырған. Әскер қатарынан 1948 жылы босап, елге келген соң ауылшаруашылығы саласында жұмыстар атқарған. Жауынгерлік ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен, «Гвардия» белгісімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.



